



АУЫЛ АМАНАТЫ

**«Ауыл аманаты»
жобасы бойынша
ЖАДЫНАМА**

**Ақтөбе қаласы
2023 жыл**

ЖОБА БОЙЫНША ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Ауыл аманаты» жобасы Қазақстан Республикасының Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №1 «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Жарлығы негізінде бастау алды.

Жобаның негізгі ережелері мен несие беру шарттары «Кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2022 жылғы 26 шілде №314 бұйрығымен бекітілген.

Жобаға **134** ауылдық округ пен **6** шағын қаладан **352,3** мың тұрғыны бар **315** ауылдық елді мекеннің тұрғындары қатыса алады.

Әлеуметтік көрінісі келесідей: жұмысқа жарамды – **193 097** адам, жұмыссыздар – **6 460**, өзін-өзі қамтушылар – **51 821**, зейнеткерлер – **36 863** адам, атаулы әлеуметтік көмек алатын **1425** отбасы, **7530** адам бар.

Жобаны жүзеге асыруға 2022 ж. республикалық бюджеттен **3,0 млрд.тг** 2023 ж. қосымша **3,5 млрд.тг** бөлінді .

Ақтөбе облысы бойынша халық тұтынатын негізгі азық-түлік тауарларының **65** түріне талдау әзірленді.

Талдауға сәйкес **65** түрдің **7** түрімен (*ұн, нан, макарон өнімдері, сиыр еті, қой еті, жылқы еті, жұмыртқа*) облыс өзіндік өндіріс есебінен толық қамтылған.

Бүгінгі күні **45** тағам түрімен өңір өз-өзін **1,4%**-дан бастап **69%**-ға дейін ішінара қамтып отыр.

Бұдан бөлек, **13** азық-түлік түрі облыста өндірілмейді (*негізгілері: күріш, тұз, қарақұмық жармасы, қант, бұрыш, бұршақ, жүгері, фасоль, лимон, майонез, қызанақ пастасы*). Аталған тауарлар басқа өңірлерден және импорт есебінен қамтылуда.

Жобаның негізгі мақсаты – ауылдық елді мекендердегі жұмыссыздық және атаулы әлеуметтік көмек алушылар санын азайту. Өзін-өзі қамтушыларды заңдастыру. Ауылдық елді-мекендерде жаңа жұмыс орындарын құру, мал мен құстың санын көбейту, шағын кәсіпкерлікті ашу арқылы халықтың табысын арттыру және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

НЕСИЕНІҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ

Несие беруші – «Ақтөбе» Әлеуметтік Кәсіпкерлік Корпорациясы» АҚ, (Ақтөбе қаласы, Маресьева 103а мекен-жайы)

Несие алушылар – Ауылдық елді мекен және шағын қалалардың тұрғындары (қарыз алушының жасы зейнет жасынан аспауға тиіс);

Несиенің шекті мөлшері:

Жеке қосалқы шаруашылық пен жеке кәсіпкерлер үшін - 8 625 000 теңгеге дейін (2,5 мың айлық есептік көрсеткіш);

Ауылшаруашылық өндірістік кооперативтері үшін - 27 600 000 теңгеге дейін (8 мың айлық есептік көрсеткіш);

Несиенің жылдық пайыздық мөлшерлемесі - 2,5%;

Несиенің шекті мерзімі - 60 айға дейін (тараптардың келісімі бойынша анықталады);

Несиені өтеуге берілетін жеңілдік кезеңі – 12 айға дейін (тараптардың келісімі бойынша анықталады);

Несие келесі салаларды дамытуға бағытталған:

- **Құс шаруашылығы** (Ауыл шаруашылығы құстарының барлық түрлеріне);
- **Өсімдік шаруашылығы** (ашық топырақта және жылыжайда өсірілетін өсімдіктің барлық түрлеріне);
- **Дәстүрлі емес шаруашылық** (қоян, балық, бөдене, бал арасы, сүтті бағыттағы ешкі өсіру және т.б.);
- **Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу.**

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бағыттары

Ұн және макарон өнімдері	Басқа түрлері
- Бидай ұны; - Сұлы, арпа, тары, жүгері жармалары; - Нан; - Макарон өнімдері (вермишель, лапша, спагетти); - Ботқалар.	- Өсімдік майы, маргарин; - Компотқа арналған кептірілген жемістер; - Күнбағыс тұқымдары; - Консервіленген жемістер; - Мұздатылған жидектер; - Маринадталған қияр; - Табиғи, консервіленген, маринадталған көкөністер;
Ет өнімдері	

- Жартылай ет фабрикаттар (тұшпара, манти, хинкали, және т.б.)
- Ет консервілері;
- Қақталған ет;
- Шұжық өнімдері (қайнатылған шұжық, жартылай ысталған шұжық, шұжық, шикі ысталған шұжық);
- Шағын өлшемді жартылай ет фабрикаттары;
- Ет өнімдерін өндіру (фарш, сиыр еті, жылқы еті, жая, қазы, қой еті, тауық еті, тауықтың төс еті);
- Балық өнімдері (жаңа немесе салқындатылған балық, мұздатылған балық, балық консервілері);

Сүт өнімдері

- Сүт өнімдерін өндіру (ультрапастерленген, стерильденген сүт, пастерленген сүт, кілегей, қант қосылған қоюландырылған сүт, балаларға арналған құрғақ сүт)
- Йогурт, қаймақ, қымыз, ашытылған пісірілген сүт, сүзбе массасы, сары май;
- Құрт, ірімшік;
- Майонез;
- Балмұздақ;

- Консервіленген жасыл бұршақ;
- Консервіленген жүгері;
- Картоп чипсы;
- Табиғи / мұздатылған көкөністер;
- Джем, бал, карамель;
- Кәмпиттер;
- Сағыз;
- Зефир;
- Шоколад;
- Мармелад;
- Халва;
- Ұнтақталған қызыл бұрыш, ұнтақталған қара бұрыш, басқа дәмдеуіштер);
- Ашытқылар (дрожжи);
- Дайын дәмдеуіштер мен соустар;
- Томат кетчупі;
- Томат пастасы;
- Құрғақ сорпалар;
- Алкогольсіз сусындар;
- Минералды су;
- Газдалмаған сусындар;
- Газдалған сусындар;
- Жеміс шырындары;
- Көкөніс шырындары;
- Жүн және тері өңдеу;
- Биогумус өндірісі;
- Ауыл шаруашылығы жабдықтарын жасау (шөміш, шанышқы және т.б.).

Несие алу үшін ауыл тұрғындары **ауыл әкімдіктеріне** өтінім білдіру қажет. Ауыл әкімдіктері тұрғындар несие алғанша толық сүйемелдеу жүргізеді.



НЕСИЕЛЕУ КЕЗЕҢДЕРІ



Сонымен қатар, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлік палатасының аудандық филиал мамандарының тарапынан тұрғындарға **бизнес-жоспар өзірлеу және қаржылай сауаттылыққа оқыту** жүргізіледі

№	Аудандық филиал	Басшыларының Т.А.Ә.	Мекен-жайы	Телефон номерлері
1.	Әйтеке би ауданы	Бозбетов Ербол Рыскалиевич	Т. Жүргенов ауылы, Абылай хан көшесі 22 үй	87133979029
2.	Алға ауданы	Манепов Айболат Медетович	Алға қаласы, Байтұрсынов көшесі 20 үй	87133779249
3.	Байғанин ауданы	Тасин Мұрат Нұрланұлы	Қарауылкелді ауылы, Барақ батыр көшесі 78 үй	87134579197
4.	Ырғыз ауданы	Шамиева Гүлнар Асқарқызы	Ырғыз ауылы, Жүргенов көшесі 28а үй	87134379057
5.	Қарғалы ауданы	Кутеев Олжас Уралович	Бадамша ауылы, Әбілқайыр хан көшесі 18үй	87134279028
6.	Қобда ауданы	Кустуртов Салим Кустубаевич	Қобда ауылы, ағайынды Көпжасаровтар көшесі 25үй	87134122105
7.	Мәртөк ауданы	Қарылғашева Райгүл Есімханқызы	Мәртөк ауылы, Жамбыл көшесі 83үй	87133179085
8.	Мұғалжар ауданы	Длимов Бернияз Жадыгерович	Қандыағаш қаласы, Самал ықшам ауд. 49а үй	87133379001
9.	Темір ауданы	Мырзағали Айдос Мырзағалиұлы	Шұбарқұдық ауылы, Байғанин көшесі 13а үй	87134622194
10.	Ойыл ауданы	Ержанов Жасұлан Мінсізбайұлы	Ойыл ауылы, Көкжар көшесі 69 үй	87133279002
11.	Хромтау ауданы	Жаналин Улан Мубаракович	Хромтау қаласы, Шиловский көшесі, 11в үй	87133659056
12.	Шалқар ауданы	Анапин Бакитжан Сейтжанович	Шалқар қаласы, Әйтеке би көшесі, 67 үй	87133549290

ЖОБАҒА ҚАТЫСУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

№	Құжаттар	Нысан
1	Нысан бойынша несие алуға өтініш	Түпнұсқа
2	Қарыз алушының жеке куәлігі	Көшірме
3	Кепіл берушінің, және бар болған жағдайда кепіл берушінің жұбайының/зайыбының жеке куәлігі	Көшірме
4	Қарыз алушының некеге тұрғаны туралы куәлік (егер некеде тұрмаса, онда жергілікті атқарушы органдардан (АХАЖ не жергілікті әкімдік) некеде тұрмағаны туралы анықтама)	Куәлік - көшірме/ Анықтама - түпнұсқа
5	Кепіл берушінің неке қию туралы куәлігі (егер некеде тұрмаса, онда жергілікті атқарушы органдардан (АХАЖ не жергілікті әкімдік) некеде тұрмағаны туралы анықтама)	Куәлік - көшірме/ Анықтама - түпнұсқа
6	Қарыз алушының тұрғылықты жерінен анықтама	Түпнұсқа
7	Кепіл берушінің тұрғылықты жерінен анықтама	Түпнұсқа
8	Егер қарыз алушы ресми түрде жұмысқа орналастырылған жағдайда, онда жұмыс берушіден қарыз алушының жалақысы туралы анықтама	Түпнұсқа
9	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗҚ) қарыз алушының соңғы 6 айдағы жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірмесі (егер қарыз алушы міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылған болса, міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылғанын растайтын құжаттар)	Еgov-тан анықтама
10	Қарыз алушының несиелік тарихы	Еgov-тан анықтама
11	Кепіл берушінің несиелік тарихы	Еgov-тан анықтама
12	Қарыз алушының биологиялық активтерінің болуы / болмауы туралы анықтама	Түпнұсқа
13	Мемлекеттік кіріс органдарынан қарыз алушының, кепіл берушінің салықтары бойынша берешегінің бар/жоқ екендігі туралы анықтама	Мемлекеттік кірістер басқармасынан/Еgov-тан анықтама
14	Кепілмен қамтамасыз етудің құқық белгілейтін құжаттары	Көшірме
15	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтық ауыртпалықтар туралы анықтама (ГРП - мен анықтама)	Еgov-тан анықтама
16	Кепілмен қамтамасыз етуді бағалау туралы есеп (тәуелсіз бағалау компаниясының есебі)	Түпнұсқа
Төмендегі құжаттарды жеке кәсіпкер болған жағдайда ғана ұсынады		
17	Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік не жеке кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарламасы бар талон	Көшірме
18	Соңғы 3 жылдағы салық есептілігі	Көшірме
19	Болған жағдайда, басқарушылық есептілік	Көшірме
20	Қызмет көрсететін банктерден анықтама - шоттың болуы туралы, - №2 картотека бойынша берешектің болуы / болмауы туралы, - соңғы 12 айдағы ағымдағы шоттар бойынша айналымдар туралы.	Түпнұсқа
21	болған жағдайда, жеке кәсіпкердің қолданыстағы/пысықталған шарты	Көшірме

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВТЕРІНІҢ ӨТІНІШТЕРІН ҚАРАУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

№	Құжаттар	Нысан
1	Басшының, бас бухгалтердің, кепіл берушінің және олардың жұбайларының, құрылтайшыларының жеке басын куәландыратын құжаттар, басшылардың некеге тұрғаны туралы куәлік	Түпнұсқа/ көшірме
2	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік	
3	Барлық өзгертулер мен толықтырулармен жарғы және құрылтай шарты	
4	Жарғылық капиталдың қалыптасуын растайтын құжаттар	
5	Құрылтайшылардың жалпы жиналысының/жалғыз қатысушының бірінші басшыны сайлау/тағайындау туралы шешімі	
6	Бірінші басшы мен бас бухгалтерді тағайындау туралы бұйрықтар	
7	Заңды тұлғаның тиісті органының (қатысушылардың жалпы жиналысының, жалғыз қатысушының және т. б.) сомасын, мерзімін және нысаналы пайдалануын, сондай-ақ аванстық төлемді қамтамасыз ету туралы мәліметтерді көрсете отырып, қаржыландыруды тарту туралы шешімі	
8	Соңғы екі жылдағы қаржылық есептілік (№1,2,3 Нысандар); баланстың негізгі баптарының толық жазылуы (бірінші басшының және бас бухгалтердің мөрімен және қолдарымен расталған түпнұсқалар)	
9	Мал басы болған жағдайда бизнесте пайдаланылатын негізгі құралдарға меншік құқығын растайтын құжаттар, биологиялық активтердің болуы/болмауы туралы анықтама	
10	Бизнес-жоспар	
11	Ниет шарттары / негізгі құралдарды сатып алуға арналған алдын ала келісімшарттар (коммерциялық ұсыныс, прайс-парақтар, ерекшеліктер, техникалық құжаттар, кедендік декларациялар, сәйкестік сертификаттары)	Мемлекеттік кірістер басқармасына н/Egov-тан анықтама
12	Ауыл шаруашылығы субъектілерімен (жеке тұлға, ЖК, ШҚ) Ауыл шаруашылығы жер учаскелерін пайдалану туралы бірлескен қызмет туралы шарт	
13	- Заңды тұлғада салықтар бойынша берешектің болуы/болмауы туралы Мемлекеттік кірістер органдарынан анықтама - Басшының, бас бухгалтердің және олардың жұбайларының, құрылтайшыларының мекенжай анықтамасы - «ПҚБ» ЖШС-нен алынған заңды тұлғаға, басшыға және кепіл берушіге кредиттік тарих	Түпнұсқа
14	Қызмет көрсететін банктерден анықтама - шоттың болуы туралы, - №2 картотека бойынша берешектің болуы / болмауы туралы, - соңғы 12 айдағы ағымдағы шоттар бойынша айналымдар туралы.	
15	Кепілмен қамтамасыз етуді бағалау туралы есеп (тәуелсіз бағалау компаниясының есебі)	Түпнұсқа
16	Кепілмен қамтамасыз етудің құқық белгілейтін құжаттары	Көшірме
17	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар ауыртпалықтар туралы анықтама (ГРП - мен анықтама)	Egov-тан анықтама

Несие алушы несие алу үшін кепіл қоюға міндетті!

КЕПІЛГЕ ЖАТАТЫН ОБЪЕКТІЛЕР

Кепіл заты	Өтімділік коэффициентінің шамасы
Тұрғын үйлердің (жеке үйлер, пәтерлер) орналасқан жері:	
- Астана қ., Алматы қ.	0,7-ден артық емес
- облыс орталықтарында	0,7-ден артық емес
- өзге елді мекендерде	0,7-ден артық емес
Тұрғын ғимараттарға арналған жер учаскелерінің орналасқан жері (жер учаскелері қосымша кепіл ретінде қабылданады) :	
- Астана қ., Алматы қ.	0,5-тен артық емес
- облыс орталықтарында	0,5-тен артық емес
- өзге елді мекендерде	0,5-тен артық емес
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері (жеке меншік құқығымен)	0,4-тен артық емес
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері (уақытша ұзақ мерзімді (кемінде 5 жыл) жер пайдалану құқығымен)	0,1- 0,2-ден артық емес
Тұрғын емес ғимараттар, объектілер мен құрылыстардың орналасқан жері:	
- Астана қ., Алматы қ.	0,7-ден артық емес
- облыс орталықтарында	0,7-ден артық емес
- өзге елді мекендерде	0,7-ден артық емес
Тұрғын емес объектілерге арналған жер учаскелерінің орналасқан жері (жер учаскелері қосымша кепіл ретінде қабылданады):	
- Астана қ., Алматы қ.	0,5-тен артық емес
- облыс орталықтарында	0,5-тен артық емес
- өзге елді мекендерде	0,5-тен артық емес
Техника, жабдық, көлік	0,3-тен артық емес
Кепілге жататын көлік құралдарының шыққан жылына қойылатын талаптар	
Жүк көліктері - ТМД елдері (2 жыл); қытай (2 жыл); АҚШ, Канада (5 жыл); Еуропа, Жапония (5 жыл).	
Автобустар - (15 орыннан жоғары) -ТМД елдері (2 жыл); қытай (2 жыл); АҚШ, Канада (5 жыл); Еуропа, Жапония (5 жыл).	
Жеңіл автокөліктер – ТМД елдері (2 жыл); қытай (2 жыл); АҚШ, Канада (5 жыл); Еуропа, Жапония (5 жыл).	
Шағын автобустар – (15 орынға дейін) - ТМД елдері (2 жыл); қытай (2 жыл); АҚШ, Канада (5 жыл); Еуропа, Жапония (5 жыл).	
Ауыл шаруашылығы техникалары – (комбайндар, К-744, К-701, К-700, МТЗ – 1221, МТЗ-82 тракторлары және т.б.) ТМД елдері (1 жыл)-; Қытай (1 жыл)-; АҚШ, Канада (1 жыл) -; Еуропа, Жапония (1 жыл).	
Шөп жинау комбайндары және шөп жинау техникасы, сепкіштер және т. б. ТМД елдерінің ауыл шаруашылығы техникасы – (комбайндар, К-744, К-701, К-700, МТЗ – 1221, МТЗ-82 және т. б.) -; Қытай (1 жыл) -; АҚШ, Канада (1 жыл) -; Еуропа, Жапония (1 жыл).	
Жол техникасы және өзге де техника автокөлік құралдарының санаты - ТМД елдері (1 жыл), Қытай (1 жыл) -; АҚШ, Канада (1 жыл) -; Еуропа, Жапония (1 жыл).	

Кепілге қойылатын жылжымайтын мүліктің құжаттары дұрыс болмаған жағдайларда «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Ақтөбе облысы бойынша филиалынан келесідей құжаттарды қысқа мерзімде заңдастырып ала алады.

№	Құжаттың атауы	Стандарт бойынша құжаттың дайындалу мерзімі	Ауыл аманаты жобасы бойынша құжаттың дайындалу мерзімі
1.	Техникалық құжат	5 күн	3 күн
2.	Тіркеу жұмыстары	3 күн	1 күн
3.	«Жер учаскесіне актілерді дайындау және беру» мемлекеттік қызметін көрсету	4 күн	2 күн
4.	Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасы	Келісім бойынша	Жазғы мерзімде-20 күн; Қысқы мерзімде-30 күн
5.	«Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің графикалық дерегімен жобаланып отырған жер учаскесін келісу» мемлекеттік қызметін көрсету	7 күн	7 күн

Аудандық «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Ақтөбе облысы бойынша филиалының байланыс телефондары.

№	Аудандық филиал	Басшыларының Т.А.Ә.	Мекен-жайы	Телефон номерлері
1.	Алға аудандық бойынша тіркеу және жер кадастры бөлімі	Кадырханов Абат Ахметович	Алға қаласы, Байтұрсынов көшесі, 20 үй	87056051870
2.	Әйтеке Би аудандық бойынша тіркеу және жер кадастры бөлімі	Жумашев Асхат Темирбекович	Темірбек Жүргенов ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі 3 үй, 11 п.	8 7712277177
3.	Байғанин аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі	Әбенев Қуандық Амандықұлы	Қарауылкелді ауылы, Барақ батыр көшесі 37/2 үй	8 7757276759
4.	Қарғалы аудандық бойынша тіркеу және жер кадастры бөлімі	Бакитжанов Кудайберген Зарлыкович	Бадамша ауылы, В. Пацаев көшесі 13 үй, 16 п.	87771123754

5.	Қобда аудандық бойынша тіркеу және жер кадастры бөлімі	Чанчарова Зильфира Амантаевна	Қобда ауылы, А.Нұрымжанов т.к., 2А ғим.	87771200935
6.	Мәртөк аудандық бойынша тіркеу және жер кадастры бөлімі	Стрюкова Лариса Алексеевна	Мәртөк ауылы, Абай көшесі 88	87474128584
7.	Мұғалжар аудандық бойынша тіркеу және жер кадастры бөлімі	Мейірман Самат Қуандықұлы	Қандыағаш қаласы, Юрий Гагарин көшесі 2В ғим., 1 т.е.бөл.	87026205815
8.	Темір аудандық бойынша тіркеу және жер кадастры бөлімі	Айдашева Миранш Ноябрьевна	Шұбарқұдық ауылы, Асау Барақ көшесі 26	87054720735
9.	Ойыл аудандық бойынша тіркеу және жер кадастры бөлімі	Ерменова Райхан Есеновна	Ойыл ауылы, Көкжар көшесі 69 ғим., 1 т.е.бөл.	87476070464
10.	Хромтау аудандық бойынша тіркеу және жер кадастры бөлімі	Адилжанов Нуркен Умиржанұлы	Хромтау қаласы, Жеңіс даңғылы көшесі 4	87058207770
11.	Шалқар аудандық бойынша тіркеу және жер кадастры бөлімі	Шамғалиев Мейрамбек Дайрабайұлы	Шалқар қаласы, Әйтеке Би көшесі 67	87054764919
12.	Ырғыз аудандық бойынша тіркеу және жер кадастры бөлімі	Дүйсенбай Асылан Дүйсенбайұлы	Ырғыз ауылы, Әбілхайыр хан көшесі 61 уч	87778002434

Сонымен қатар әр аудандағы Халыққа қызмет көрсету орталықтарында Жобаға қатысушыларға арнайы мемлекеттік қызмет көрсететін **бір маманнан** тағайындалады.

Несие алушы несие алғаннан кейін жеке кәсіпкер болып тіркелуге міндетті!

ЖЕКЕ КӘСІПКЕР РЕТІНДЕ ТІРКЕЛУ ЖОЛДАРЫ

Жеке тұлға жеке кәсіпкер ретінде тіркеуден өзінің қалауы бойынша «Egov.kz» порталы, «e-salyg Azamat», «Kaspi.kz» мобильді қосымшасы арқылы тегін тіркеле алады. Жеке кәсіпкерлікті ашуға жеке куәлік және ЭЦҚ (ЭЦП) болса жеткілікті.

Жеке кәсіпкер болып тіркелгеннен кейін келесідей **арнаулы салық режимдерін** таңдау қажет:

- патент негізінде;
- оңайлатылған декларация негізінде;
- тіркелген шегерімді пайдалану негізінде;
- жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте.

Аталған салық режимдерін таңдау жеке кәсіпкердің қызмет түріне, жұмысшыларының орташа санына, салықтық кезеңдегі кіріс мөлшеріне қатысты жүргізіледі.

Патент негізінде <i>(жалдамалы жұмысшы болмауы қажет)</i>	
Салықтық кезеңдегі кірісі	3 528 АЕК аспау қажет (жылдық кезең- 3 528*3450=12 171 600 тенге)
Салық мөлшерлемесі	салық салу объектісіне 1% мөлшерінде
Салық есептілігі формасы	911.00
Салықтық кезеңі	1 жыл

Оңайлатылған декларация негізінде <i>(жұмыскерлердің орташа саны 30 адамнан)</i>	
Салықтық кезеңдегі кірісі	24038 АЕК аспайтын (жарты жылдықта- 24038*3450=82 931 100 тенге)
Салық мөлшерлемесі	салық салу объектісіне 3% мөлшерінде
Салық есептілігі формасы	910.00
Салық есептілігін тапсыру кезеңі	жарты жыл сайын -15 ақпан, 15 тамыз.

Тіркелген шегерімді пайдалану негізінде <i>(жұмыскерлердің орташа саны 50 адамнан)</i>	
Салықтық кезеңдегі кірісі	144 184 АЕК аспайтын (жылдық кезеңде - 144 184*3450=497 434 800 тенге)
Салық мөлшерлемесі	салық салу объектісіне 10% мөлшерінде
Салық есептілігі формасы	912.00
Салық есептілігін тапсыру кезеңі	бір жыл үшін 31 наурыз

Жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте <i>(жұмыскерлердің орташа санына шектеу жоқ)</i>	
Салықтық кезеңдегі кірісі	шектеу жоқ
Салық мөлшерлемесі	салық салу объектісіне 10% мөлшерінде
Салық есептілігі формасы	220.00
Салық есептілігін тапсыру кезеңі	бір жыл үшін 31 наурыз

Несие алған жеке қосалқы шаруашылықтар мен жеке кәсіпкерлер ауыл шаруашылығы кооперативтеріне бірігу қажет!

Кооператив 2015 жылдың 29 қазанындағы «Ауылшаруашылық кооперативтері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға.

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің құрылуы мен қызметінің негізгі мақсаттары:

1) кооператив мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру және олардың мүдделерін қорғау;

2) кооператив мүшелерінің кірістерін арттыру;

3) ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіру, қайта өңдеу, өткізу, сақтау, өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтау салаларында бәсекелестік ортаны құру;

4) инфрақұрылымды дамыту және ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушіден тұтынушыға тікелей беруді қамтамасыз ету;

5) кооператив мүшелерінің қажетті ресурстарды тиімді шарттар бойынша сатып алуына жәрдемдесу және өздерінің өндірістік және өзге де шаруашылық қызметін қаржыландыруға қол жеткізе алу болып табылады.

Ауыл шаруашылығы кооперативі **кемінде үш құрылтайшының шешімі** бойынша құрылады.

Кооперативке кіру жарнасы – **5 АЕК** (17 250 тг) аспауы тиіс

Кооператив мүшелері кооперативке **тең жарнамен** кіреді және әрқайсысы **теңдей бір дауыс беру құқығына** ие.

Кооперативтің жұмысын ұйымдастыруға және дайын өнімді өткізуге сүйемелдеу үшін **«Ақтөбе» ӘКК АҚ мүшесі кооперативке мүше болып тіркелу** қажет.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КООПЕРАТИВТЕРІНЕ БЕРІЛЕТІН АРНАЙЫ ЖЕҢІЛДІКТЕР

Ауыл шаруашылығы кооперативтері бюджетке төленуге жататын келесідей салықтардың сомасын **70 пайызға** азайтуға құқылы:

1) корпоративтік табыс салығының немесе жеке табыс салығының сомалары (төлем көзінен ұсталатын салықтардан басқа);

2) Әлеуметтік салық сомасы;

3) Мүлік салығының, көлік құралдарына салынатын салықтың сомалары.

Сонымен қатар Кооперативтер келесідей техникаларды сатып алған жағдайда **50 пайызға дейін инвестициялық субсидиялар ала алады.**

Субсидияланатын ауыл шаруашылығы техникалары

№ 1 «Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын сатып алу» жобасының паспорты бойынша

- 1.1-1.3 (тракторлар);
- 2.1-2.2 (астық жинайтын комбайндар);
- 13 (жүгері жинауға арналған айлабұйым);
- 17.1; 17.3 (сепкіштер);
- 18 (картоп отырғызғыш);
- 25-30 (соқалар, тырмалар, сақиналы-тепкілі топырақтаптағыш, дән аршушы);
- 31 (қопсытқыш);
- 32 (топырақ өңдейтін агрегат);
- 34.1 (дестелегіш);
- 35-37 (қопсытқыш, саңылау салғыш, тең тасымалдаушы тіркеме);
- 40-45 (жал салушы, көлденең гидравликалық тырмалауыш, тракторға әмбебап аспа, шырынды азық тасуға арналған тіркеме, трактор тіркемесі);
- 48.1; 48.2 (пресс-жинағыштар);
- 49 (шөп шапқыш);
- 50.1 (тіркемелі бүріккіш);
- 51 (тыңайтқыш енгізуге арналған машиналар);
- 54 (камаз);
- 55 (камаз тіркемесі);
- 59 (картоп қазғыш);

№ 1.1 «Сұранысқа ие ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу» жобасының паспорты бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін мынадай позициялар бойынша:

- 1.1-1.5 (тракторлар) және
- 2.2 (астық жинайтын комбайн);

№ 8 «Сүт өңдеу объектісін құру және кеңейту, сүт қабылдау пункттерін құру, ауыл шаруашылығы кооперативтері, дайындау ұйымдары, сүт қабылдау пункттері және сүт өңдеу кәсіпорындары үшін жабдықтар мен техника сатып алу» бойынша беріледі.

Бұл ретте, бір ауыл шаруашылығы кооперативі сатып алынған (сатып алынатын) техникаға, машина мен жабдыққа:

- тиісті мөлшерде тіркемелі және аспалы жабдықтары бар үш тракторға;
- екі астық жинау комбайнына және тиісті мөлшерде аспалы және тіркемелі жабдыққа субсидия ала алады.